



ПРИОЗЕРСКИЙ

Вестник

№ 17/713

30 апреля 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ПОЗДРАВЛЯЕМ С ДНЁМ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА!

Құрметті әріптестер және қала тұрғындары!

Сіздерді 1 – мамыр Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Баршаларыңызға, әр отбасына, әр қазақстандыққа шынайы көңілмен бақыт-береке тілейміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Сіздерге шабыт пен жағымды көңіл-күй, керемет жетістіктер, сарқылмас денсаулық, тілейміз!

Ізгі тілекпен,

Қала әкімінің міндетін атқарушы
Мәслихат хатшысы



Д.Сәденов
Б.Сәрсембеков

С наилучшими пожеланиями,

Исполняющий обязанности акима города
Секретарь маслихата

Д. Саденов
Б. Сарсембеков

Уважаемые коллеги и жители города!

От всей души поздравляем вас с Днем Единства народа Казахстана - 1 мая!

Желаем всем, каждой семье, каждому казахстанцу счастья и благополучия.

Желаем Вам вдохновения, и позитивного настроения, грандиозных свершений, неувядающего здоровья, мира и необычайного счастья!

БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ МЕЙРАМЫ

1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі ретінде еліміз өз тәуелсіздігін алған кезеңнен бері аталып өтіп келеді. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деп даналық сөзін қалдырған ата-бабаларымыз қай жерде де ауызбірліктің, татулықтың, достықтың қадірін білген және ардақ тұтқан. Ұрпақтарына осы сөздің мән-мағынасын әрдайым ұқтырып отырған. Бүгінгі таңда елімізде жасап келе жатқан «Қазақстан менің елім, Отаным дейтін әрбір ұлт пен ұлыс өкілі халықтар достығының кепіліне айналды. Ұлтаралық келісімді сақтап, тыныштық пен татулықта, бір мақсат-мүдде, елдікті орнықтыру жолында өмір сүруден басқа қандай бақыт керек?!

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ жеріндегі тұрақтылық тұғырын берік сақтау саясатының мәні де осында жатыр емес пе. Кеуденді елің үшін мақтаныш сезімі кернеп тұрғанда ғана сол елдің арлы азаматына айналасың. Отанымыздың демократиялық қоғамның жоғары идеалдарын құруға ұмтылу бағытын, ұлттар арасындағы бір-біріне деген құрмет пен достықтың, мәдениеттің өз-ара байланысын басқа өркениетті елдер де оң бағалауда. Бүгінде ұзақ жылдар достығы жарасып, үйімен үйі көршілес, балалары бірге өскен, өздері қызметтес болып бір жерде жұмыс істейтін өзге ұлт өкілдерін өгейсітпей, ортақ Отанға біріктіру егемендікті орнықтырудың өзіндік бір мақсат-мүддесі болып табылады.

Отан, тәуелсіздік, тұрақтылық, тұрақты даму ұғымдары әрбір қазақстандықтың жүрегінен орын алды. Қазіргі кезде біздің Қарағанды облысына қарасты Приозерск қаласында да көптеген ұлттың өкілдері

тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Өткен ғасырларда жерімізге келіп қоныстанып қалған орыстар, украиндар, татарлар, белорустар, азербайжандар т.б. қатарына ауыр жылдардың зобалаңы кезінде корейлер, немістер, поляктар, чешендер, ингуштер, карашайлар, балкарлар, тағы басқалары келіп қосылды. Тың игеру жылдары, индустрияландыру ұранымен қоныс аударып, осы жерді Отаным деп тұрып қалғандар да баршылық.



Елбасы біздің өмір сүріп отырған қоғамдағы ұлтаралық татулық пен тұрақтылықты сақтауға, елімізде тұратын барлық ұлт өкілдерінің рухани-мәдени өрлеуі мен өсуіне қамқорлық жасауға, өркениеттілік пен демократия нормаларына сүйене отырып, азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыруға, қоғамның рухани дамуының тұжырымдамалары мен бағдарламалары-

ның жобаларын дайындап, оларды жүзеге асыруға белсене араласуға үндейді. Осы орайда, алдымызға жас ұрпақты отаншылдыққа, өскен жерлерін сүюге тәрбиелеу, мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқып-үйрену, оны құрметтеу арқылы әртүрлі ұлт өкілдерінің арасын одан сайын жақындастыру міндетін қояды. Арамызда қазақ тілін білетін қаншама өзге ұлт өкілдері жүр. Оларды біз де жақсы танымыз, сыйлаймыз, құрметтейміз. Қазақтың тілін, дәстүрін, мәдениет-

мәдени-көпшілік шараларында бастарын қосып, барлық ұлттардың мерекелерін біргелікте, ауызбіршілікпен тойлап, тамашалап келеді. Осының өзі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы мәдени, рухани және достық қатынастарының қаншалықты мықты екендігінің дәлелі.

«Қазақ осы – қарасың ба, ақсың ба, қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін!», деп ақын Қадыр Мырза Әлі жырлағандай сыйлап, көк жайлаудан кең қазақ халқының құшағына бәрі сияды. Сайын даласы кімдерге мекен болмады десеңші?! Жүрегі мен пейілі көпке жайылған ұлтымыздың ырысы мен мен берекесі құдайындай сыйлап, төріне көтерген қонағымен артқан. «Қырықтың бірі – Қыдыр», деп мәтелдегені де содан. Қара су мен кара нанға зар болған күнде де қайран жұртымыз паналай келген өзгені өзегінен теппей, соңғы күлшесін де бөліп жепті. Беу, қонақжайлылығымыз мен мейірімділігіміз мерейімізді сан мәрте биікке де шығарды емес пе? Байтақ жерімізді пана қылып, қанатымыздың астынан өсіп-жетілген өзге ұлт өкілдері әр күн сайын әрбір қазаққа, қанымызға қонақжайлық пен кең пейілділікті сіңіріп кеткен ата-бабаларымыздың рухына алғыс айтады және ұрпақтарына үлгі етіп қалдырады деп ойлаймыз. Оның дәлелін дүбірі таяп қалған ел бірлігі мерекесінен анық көреміз. Ынтымақтың ізгі меркесін бәріміз бірге тойлайық, ағайын! Шынайы бірліктің шырайлы мерекесінде түрлі ұлт өкілдерінің басын қосып, ынтымағымыз жараса, тойлауға асығайық. 1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерейлі мерекеміз құтты, баянды, ұзағынан болғай!

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

Чтобы помнили

76 лет назад началась Битва за Берлин. В этот день войска Красной Армии пошли в наступление, чтобы разгромить основные силы немецких групп армий «Висла» и «Центр», овладеть Берлином.

Берлинская наступательная операция 2-го Белорусского, 1-го Белорусского и 1-го Украинского фронтов, стала одной из последних стратегических операций советских войск на Европейском театре военных действий в ходе Великой Отечественной войны. Она продолжалась 23 дня - с 16 апреля по 8 мая 1945 года, и проводилась под руководством трех Маршалов Советского Союза - Жукова, Рокоссовского и Конева.

НАЧАЛО БЕРЛИНСКОЙ ОПЕРАЦИИ

К середине весны 1945 года были созданы условия для окончательной победы Советского Союза над фашистской Германией. К тому моменту была освобождена Польша, Венгрия, значительная часть Чехословакии, почти вся Восточная Пруссия. Советские войска разгромили большинство крупных фашистских группировок и охватили большую часть Германии. С востока на остатки немецких войск наступали соединения Красной Армии, а с запада - союзные войска.

В операции приняло участие более 1 миллиона человек, более 10 тысяч орудий и минометов, 1,5 тысячи танков и порядка 3 300 самолетов. Вокруг Берлина была создана мощная оборона, все здания превращены

в опорные пункты, город перекрыт баррикадами.

Первый Белорусский фронт и Первый Украинский фронт 16 апреля начали атаковать противника в районе Кюстрин и реки Нейсе, 20 апреля в наступление перешли войска 2-го Белорусского фронта, прорвавшие главную полосу обороны противника. Немецкая группировка в самом городе оказалась окружена, но сдаваться не спешила. С 21 апреля по 2 мая на улицах германской столицы шли ожесточенные бои.

Войска 3-й ударной армии 30 апреля начали бои за рейхстаг, который к вечеру был взят, и над ним поднято Знамя Победы. Но бои в Берлине продолжались еще 2 дня, а к 5 мая советские войска во

взаимодействии с английскими и американскими союзниками очистили всю линию фронта.

И вечером 8 мая 1945 года был подписан Акт о безоговорочной капитуляции Германии, что стало окончанием Второй мировой войны.

По материалам интернет-ресурсов





Пандемиядан қорғану әдісі

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан...», - деп, өзінің өлең жолдарында келтіргендей, біз де білім беруден жалықпай, оқушыларды халқымыздың ұлттық өнеріне баулып келеміз. Жас таланттарды өнерге баулитын «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы қаламыздың нақ төрінде оранласқан. Өзіміз осы шығармашылық орталығында өнер сүйген жас жеткіншектерді қазақ халқының ұлттық музыкалық домбыра аспабымен күй орындау өнеріне үйретіп келеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында ХХІ ғасырдың ұрпағы терең білімді болуы керектігін, ал әрбір атқарылған істің негізінде кәсіби болу шарт екенін алға тартады.

Әлемді жайлаған коронавирус індетінің таралуына байланысты, елімізде өткен 2020 жылдың көктемінде аталған аурудан қорғану және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдай енгізілген болатын. Осыған орай, барлық білім беру тетегінің қашықтан оқытуға ауыстырылғаны баршаға аян.

Бастапқыда таңсық болған қашықтан оқыту әдісінің көңілге үрей ұялатқаны жасырын емес. Расымен, мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де бұл жаңа беймәлім оқыту түрі болғаны шындық.

Қашықтан оқытуды қалай бастасак екен? Қандай жағдайда өткізеді екенбіз? – деген ойлар және тағы да басқа туындаған сұрақтар баршамызды алаңдатқаны белгілі. Керек десеңіз, күнделікті білім беру дағдысындағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды шебер менгеріп жүрген педагогтардың да абдырап қалғандығын көзбен көрдік.



Қашықтан оқыту деген не? Қашықтан оқыту дегеніміз - қарапайым тілмен алып қарастырғанда, бұл оқытушылар мен тыңдаушылардың, яғни мұғалімдер мен оқушылардың бір-бірінен ашық кеңістікте алыстатылған оқу формасы болып табылады. Сонымен бірге, оқушылардың өзара белсенді ақпараттық алмасуын қарастыратын және ақпараттық технология құралы түрлерін пайдаланатын белгілі бір тақырыптар мен оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі.

Қашықтан оқытудың бастапқы сатысы барлық оқу әдістемелерін қолға алып, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, білім беру қағидаларынан қол үзбей ойдағыдай жүзеге асыруды талап етеді.

Қашықтан оқытудың мұғалім мен оқушының қашықтан өзара білімді меңгеру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, іске асатын оқыту түрі екендігі белгілі. Алға қойған қашықтан оқытудың технологияларын тиімді қолдана біліп оқыған оқушы өз бетімен білім алуға бағытталады және оны жүзеге асыруды ізденіспен, сонымен қатар шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туындайды. Сәйкесінше, өзінің шәкірттеріне сапалы да нәтижелі білім беруді мақсат еткен әрбір ұстаздың, қашықтан оқыту кезінде білім беру саласындағы өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді жолмен қолда-

нуға кірісіп кеткендігі анық байқалды. Жаңадан енген осы бір оқыту түрі тек мұғалімнің біліктілігін көтеріп ғана қоймай, оқушының да өз бетімен білім алуын қалыптастырады. Сонымен бірге, ата-аналардың да жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді.

Коронавирус індетінің әкелген қиыншылықтарына қарамастан, қазіргі заман талабына сай жаңашыл әдістердің тиімді жолдарын іске асырып, өнерге құштар болған талантты жас өнерпаздарымыздың таудай талаптарына ден қойып, өнердегі білім нәрімен сусындатып жүрген әріптестеріміздің еңбегі ерен деп білеміз...

Өркениетті елдердің көпшілігінде музыканың психологиялық ықпалы психологтар тарапынан егжей-тегжейлі зерттеліп, баланың дамып өсуінде және шығармашылық әлеуетті арттыруда нақты тұжырымдамалар жасалған.

Белгілі жазушы Ақселеу Сейдімбек: «Өзіндік қасиеттен айрылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның толғуға мәдениеті ғана. Сондықтан бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді Тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберуіміз қажет-ақ», - деп, ой түйген болатын.

Дүниеде барлық халықтарға тиесілі өз ұлтының музыкасы бар десек, әр адамның жанына өзінің этникалық музыкасының, яғни ұлттық музыка өнерінің жақын болатындығы айдай анық. Себебі, болашақ ұрпақтың ұлттық болмысын қалыптастырып, бүгінгі күннің талабына сай етіп тәрбиелеу үшін ұлттық музыка өнерінің құдыретін пайдалануды ерте жастан бастау керектігін қажет етеді. Музыканы арнайы саналы түрде тыңдау шарт емес. Ол адамның жұрыс жолмен өсіп жетілуіне тікелей әсер етеді.

Ғылыми деректерге бет бұрсақ, ана құрсағындағы балаға анасының тыңдаған музыкасы жиырма төрт апталық кезеңнен бастап әсер ете бастайды. Бір айда төрт апта бар десек, аталған жиырма төрт апта тура жарты жылға, яғни алты айға дәл келеді екен. Жүргізілген эксперимент нәтижесіне қарағанда, тыңдалған музыканың мазмұнына қарай, ана құрсағындағы нәрестенің жүрек соғуы жиілеп немесе бәсеңдегені алты айлық кезеңнен бастап байқалған. Демек, мектепте бір музыка сабағымен ғана музыкалық тәрбиені жүргіземіз деп айту жаңсақ пікір тудырса керек. Білуімізше, ол кешенді түрде жүргізілуі қажет. Музыка сабағы – музыкалық тәрбиенің бір бөлігі ғана...

Баршамызға танымал алаш қайраткері Міржақып Дулатов: «Өзі білу мен өзгелерге білдіру екі басқа. Білгенін кісіге білдіру, яғни балаларды оқыту өз алдына бір ғылым» - деп, айтып кеткендей, біз үшін қашықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы оқушыларымыздың білім деңгейін көтеру болып табылады. Сонымен қатар, баршаға тән ақпарат кеңістігіне жол ашып, талантты жас өнерпаздардың өнердегі талаптарын және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті өнер иесін дайындап, оны халық алдында көрсете білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ!

А. Нұртаева
домбырашылар сыныбының оқытушысы
«Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы

ЧЕРНОБЫЛЬ – ФАКТ, ЧЕРНОБЫЛЬ – ТРАГЕДИЯ

28 апреля 2021 года в городской детской библиотеке прошел экологический час «Чернобыль-факт, Чернобыль-трагедия» посвященный 35-летию Чернобыльской катастрофы.

Планируя проведение мероприятия, организаторы ставили цель познакомить учащихся с глобальными экологическими проблемами, в том числе с последствиями катастрофы на Чернобыльской атомной электростанции, объяснить причины и



последствия аварии, как для самого населения, так и окружающей среды. На примерах героев-ликвидаторов катастрофических последствий аварии, воспитать в юных слушателях чувство любви к Родине, стремление к охране ее природы, формировать экологическую культуру, нравственные качества, активизировать познавательный интерес к глобальным экологическим проблемам. Сформировать гражданскую позицию и ответственность, и патриотическое мировоззрение учащихся на примере изучения причин и последствий Чернобыльской аварии.

26 апреля 1986 года произошла страшнейшая катастрофа в истории человечества. Этот день заставляет нас задуматься о возможных последствиях деятельности человека, о нашем неоплатном долге перед

теми, кто, рискуя собственной жизнью, спас мир от радиоактивной катастрофы. Разрушение от аварии носило взрывной характер, реактор был полностью разрушен, и в окружающую среду было выброшено большое количество радиоактивных веществ. Авария расценивается как крупнейшая в своем роде за всю историю атомной энергетики, как по предполагаемому количеству погибших и пострадавших от ее последствий людей, так и по экономическому ущербу.

Память о трагедии незаживающей раной останется в душе нашего народа. Подвиг, который осуществили ликвидаторы аварии на Чернобыльской АЭС, никогда не будет забыт. Горько осознавать, что с каждым днем этих героев становится все меньше. С каждым днем все больше ликвидаторов пополняют список числа пострадавших от страшной катастрофы. Об их подвиге должны помнить мы все. Нельзя допустить, чтобы оборвалась память сердца, чтобы потомки, забыв прошлое, еще раз прошли по пути ошибок!

**Не хочет человечество понять,
Что жизнь на свете самое святое,
Ее мгновенно можно оборвать
В горниле взрыва или гуще боя.**

**Всех жертв и испытаний нам не
счесть,
Но целы арсеналы, полигоны,
Чернобыля убийственная весть
Предупреждение поколениям новым.**

Г.Р. Ермагамбетова,
библиотекарь детского отдела
КГУ «Приозерская городская библиотека»

Экологиялық сауаттылық апталығы

ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің №2 Жалпы білім беретін мектебі" КММ-де 2021 жылдың 19-24 сәуір аралығында "Зейін" жобасы аясында «Жасыл Қазақстан» экологиялық сауаттылық апталығы өткізілді. Апталықтың мақсаты экологиялық мәдениетті қалыптастыру, оқушыларға табиғатқа, қорша-

ған ортаға ұқыпты қарауды үйрету. Экология - 200 жылдық тарихы бар жас ғылым. Экология терминін неміс биологы Эрнест Геккель (1968ж.). "Естественная история происхождения" атты кітабында алғаш рет қолданған. Экология - "ойкос" деген грек сөзі, "үй, баспана" ұғымын білдіреді. Э.Геккельдің айтуы бойынша экология - зоологияның бір тармағы, жанды мақұлықтардың органикалық және аорганикалық ортамен өзара қатынасын зерттейді. Экология ғылымы жеке пән түрінде биология ішінде пайда болды. Экологияны ғылыми негіздеген эволюция туралы ілімнің негізін салушы ағылшын ғалымы



ған ортаға ұқыпты қарауды үйрету.

Чарльз Дарвин, оның анықтауы бойынша экология тірі ағзалардың ортадағы тіршілік әрекетін және өзара қатынасын зерттейтін биологиялық ғылым. "Экология" ғылымы теориялық және тәжірибелік маңызы бар барлық ғылымның кешенді негізінде тез дами бастаған салаға айналды. Экология дегеніміз - табиғатты пайдаланудың ғылыми-теориялық негізі.

Экологиялық тәрбиенің көкейтестілігі Қазақстандағы экологиялық апат аймақтарының болуымен тығыз байланысты.

Біздің мектебімізде апталық аясында біраз іс-шаралар өткізілді. Олар: 0«Г» сыныбында «Сен табиғатқа қандай пайдалы іс әрекет жасайсың?», 0«В» «Мұражайға саяхат», 9 сынып оқушыларымен «Экология және біз», «Табиғатты аялай білейік» сабақтар өткізілді. 5«В,Г» сыныптарында «Жасыл әлем деп ойла!» атты байқау өткізілді. Апталыққа қатысқан оқушылар мен сыныптар тиісті дипломдармен марапатталды. Экологиялық сауаттылық апталығы соңында сенбілік өткізілді.

К.Т. Мысыкбаева,
Қарағанды облысы білім басқармасының
Приозерск қаласы білім бөлімінің «№2
Жалпы білім беретін мектебі" КММ
биология пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗДАРЫ!

Тәуелсіздікке 30 жыл



Қазақ еліне ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап келген азаттық пен тәуелсіздік оңайлықпен жеке білеміз. Елінің, жерінің

өзге елдерге бодан болмауын қалаған ата-бабамыз осынау байтақ жатқан жерді жанын қып, қанын төге отырып қорғаған. Бұл мүддеге хандар бастаған би, батырлардың қатарында қазақ қыздары да жан сала атсалысқан. Ер жігіттермен қатар тұрып ел қорғауға қатысқан батыл, батыр, ержүрек қыздарымыздың есімдерін өскелең ұрпақ біле жүрулері, олардан үлгі-өнеге алулары тиіс деген мақсатта бүгінгі мақаламызда сол батыр қыздарымыз туралы газет оқырмандарына баяндауды жөн санадық...

Әлемге әйгілі қолбасшы батыр Тұмар ханымның (Томирис) жолын қуған Айбике ару – Абылай ханның жау тылындағы барлаушыларының басшысы болған. Оның қолтастында бірнеше тыңшы, барлаушылары қызмет еткен. Ол ұзақ жылдар бойы «қолға түскен күң» бейнесіне еніп, қалмақ қонтайшысының ордасында күтуші болып жұмыс істейді. Жаудың күші мен шапқыншылық ниеті туралы Абылай ханға, Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбайға, Шақшақұлы Жәнібек пен Қыпшақ Тілеулі батырларға астыртын құпия хабарлар мен мәліметтерді жеткізіп отырады. Ержүрек қыз Айбике қалмақ тілін өте жетік меңгерген. Оның үстіне Тарбағатай мен Алтайдың таулы өңірлерінде, Зайсан мен Марқакөл маңында кез-келген уақытта

атпен адаспай жол тауып жүре беретін «жер шолғыш» қасиеті де бар екен. Айбике ару Жоңғар мемлекеті құлағаннан кейін өз еліне аман-есен оралып, түтін түтетіп, аналық міндетін өтеген.

Жазушы Ғабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» романының басты кейіпкерінің бірі Гаухар батыр Қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс кезінде ерлік істерімен ел есінде қалған қазақ батыр әйелдерінің бірі. Ол атақты Қаракерей Қабанбай батырдың жан жары, Бәсентін Малайсары батырдың туған қарындасы. Қабанбай батырдың қауіп-қатерге толы сансыз жорықтарында Гаухар ана ерекше табандылықпен қанды шайқастарға қатысқан. Гаухар батырдың азан шақырып қойған аты Майсара болса керек. Назым батыр Қаракерей Қабанбай мен оның жары Гаухардан туған. Әкесімен бірге 18 ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатысып, Отан қорғаған. 1745-жылғы жоңғар-қазақ шайқасында ерлік көрсеткені үшін хан Абылай өз алтын белбеуін сыйға тартқан. Бопай Қасымқызы қазақтың 1838-1847-жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы Кенесары Қасымұлының қарындасы. Бопай ханымның есімі көпшілікке біршама таныс. Атақты жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының кейіпкері болған ол Кенесары Қасымұлы құрған хандықтың сыртқы және ішкі саясатына белсенді араласып, аянбай тер төгеді. Бопай қолбасшыға өжеттік, көсемдік, жеңіске деген сенім, салқынқандылық, қайсарлық, шешендік тән болған. Ол Кенесарының ірі шайқастарына қатысқан және партизандық жорықтар жасайтын болған. Бопай Кенесарының барлық кеңестеріне қатысып отырған, ал Кенесары Бопайдың ақыл-кеңестеріне құлақ асқан.

Тілеулі батырдың некелі тоғыз әйелі болған екен. Соның бірі – Тама Есет батырдың туған қарындасы Жапалақ. Ол жарымен бірге жорықтарға қатысып, құралайды көзден ататын мергендігімен қалмақтардың талайларын жайратып салған. Тама Есет батырдың қызы Ботакөз жас кезінде апасы Жапалақпен бірге жүріп, одан соғыс өнерін үйренеді. Тарихи деректер бойынша 1742-жылы Есет батыр мен Тілеулі батырды Әбілқайыр хан шақыртып, екеуі Орынборға жол жүріп кетеді. Соны біліп алған жоңғарлар ауылдың жылқысын алып кету үшін шабуыл жасап, қуғыншыларды қырып салады. Ботакөз бірден қолына қару алып, 150 сарбазбен шапқыншыларға қарсы шығады. Осы шайқаста Ботакөз қалмақтардың қолбасшысы Қонды тайшының атының үстіне жұлып алып, сүйретіп әкетеді. Мұны көрген қалмақтар бығрай қашып, көбі садақ оғына ұшады. Қалмақ қонтайшысы қазақ қызынан жеңіліп, қорланады. Ботакөз Есетқызының осы ерлігін растайтын құнды тарихи құжаттар Ақтөбенің облыстық мұражайында бар екен.

Бакты (Бактықыз) – Алашорда көсемдерінің бірі, азаттық қозғалысының алыбы Мұстафа Шоқайдың әжесі, Торғай датқаның бәйбішесі. Ол 19 ғасырдың ортасында әкесімен бірге Түркістанды жаулаушы орыс отаршыларына қарсы күресіп, жау торабын барлаушылық қызметін атқарған. Оның тапқырлықтары мен жүрек жұтқан батырлығы туралы аңыз-әңгімелер ел арасында көп сақталған. Сапура батыр (Көктемір) Ресей патшалығында шаруалар қолын басуға шыққан орыс әскерлеріне қарсы күрестің аты аңызға айналған қолбасшысы. Әйел басыммен қол бастауға қымсынғандай, бір құпия тұлға «Көктемір» туралы аңызды

таратады. Орыс әскерлері оның әйел екенін білмеген, тек «Көктемір» деп таныған. Олардың дерек көздерінде Пугачев көтерілісі кезінде қазақ даласында «ұстатпайтын ұстын», «көрінбейтін жан» деп аталған Сапура Мәтенқызы жұмбақ жағдайда өмірден өтеді. Көктемір Сапура қыз туралы ғалым Е.Бекмаханов «Көрінбейтін адам туралы аңыз» атты зерттеу еңбегін жазған. «Жәндәлі қыз». Қалмақ шапқыншылығы кезінде, кейіннен Алтай-Тарбағатайды қытайлар иемденіп қалмақшы болғанда, ерлігімен, тапқырлығымен аты шыққан қыздардың бір – Жәндәлі. Оның руы – Найман. Жауынгерлер оның атын ұран еткен.

Жоғарыда аты аталған апа-әжелерінің ерлігі мен батырлығын Ұлы Отан соғысы кезінде Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және Хируз Доспанова апаларымыз қайталаса, кешегі 1986-жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысып, ер-азаматтардан артық ержүріктік пен отансүйгіштіктің үлгісін көрсеткен Ләззат Асанова, Сабира Мұхаметжановалардың есімдері елімізге тәуелсіздік пен азаттықтың ертерек келуін жеделдеткен, осы игілікті жолда жандарын құрбан еткен қыздарымыз болып, тарих төрінен орын алып, жадымызда мәңгі қалады. Желтоқсан көтерілісі кезінде қазақ елінің бостандығы үшін сапқа тұрып, қарсылық көрсеткен ондаған батыл да батыр қыздарымыз жазықсыз жапа шекті және сотталды. Өз ұлтының азаттығын көксеген қазақтың батыр қыздары жасай берсін, өсіп келе жатқан жасөскін қыздарымыз аталған апаларынан үлгі алып, отансүйгіш, батыл, білімді, елін сүйген азаматшалар болып өсе берсін!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

Гарантированный социальный пакет

ПОРТАЛ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ

С 1 января 2020 года детям, из числа семей, являющихся получателями адресной социальной помощи будет предоставляться гарантированный социальный пакет.

Согласно Правил назначения и выплаты государственной адресной социальной помощи и предоставления гарантированного социального пакета, утвержденного приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 5 мая 2015 года № 320 гарантированный социальный пакет в виде продуктовых наборов и товаров бытовой химии предоставляется детям в возрасте от одного года до шести лет включительно.

Гарантированный социальный пакет – помощь малообеспеченным семьям, имеющим детей в возрасте от одного года до восемнадцати лет в видах и объемах, определяемых Правительством Республики Казахстан:

- в случае, если в семье есть дети в возрасте от 1 года до 6 лет, при назначении АСП, им предоставляется гарантированный социальный пакет на период назначения АСП (питание, гигиенические средства);

- в случае если в семье есть дети в возрасте от 6 до 18 лет, при назначении АСП предоставляется гарантированный социальный пакет в период соответствующего учебного года (горячее питание, проезд в городском транспорте, и один раз в год школьная форма и принадлежности (канце-

лярские товары).

В рамках реализации поручения Президента Касым-Жомарта Токаева о переводе гарантированного социального пакета на Портал социальных услуг в 2020 году были начаты пилотные проекты по предоставлению через Портал продуктовых наборов и товаров бытовой химии.

В 2021 году планируется вывести полностью весь процесс назначения и предоставления ГСП на Портал социальных услуг, по аналогии с обеспечением инвалидов средствами реабилитации, что уже успешно реализуется в текущем году. Ожидается, что переход на Портал упростит порядок предоставления гарантированного соцпакета. В частности, не будет сложных процедур государственных закупок, а получатели смогут самостоятельно выбирать поставщика. Кроме того, планируется утверждение четкого и понятного порядка формирования ГСП, по которому для каждого региона будет ежегодно рассчитываться стоимость наборов, в которую также войдет и цена доставки.

С начала 2021 года гарантированный социальный пакет был предоставлен 49 детям от одного года до шести лет, из числа семей являющихся получателями адресно-социальной помощи.

С. Танатарова,
ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»,
главный специалист

Заң күзетінде

ПРИОЗЕРСК ГАРНИЗОНЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ДЕКАДАСЫ

ҚР ҚК әскери бөлімдерінде 2017-2021 жылдарға арналған «Армияда қылмысқа орын жоқ» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әскери және құқықтық тәртіпті нығайту бойынша алдын-алу іс-шаралары жүзеге асырылуда.

Осыған байланысты 2021 жылдың сәуір айының 5 мен 24 жұлдыздары аралығында Приозерск гарнизонының әскери бөлімдерінде «Барлық санаттағы әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынастардың жар-

ғылық қағидаларын бұзудың және билікті асыра пайдаланып, арқылы қол жұмсауының алдын алу» декадасы өткізілді.

Аталған декаданың басты мақсаты – ол гарнизонда әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларынбұзудың, жәбірленушіні ұрып соғудың с алдарынан денсаулыққа зиян келтірудің немесе өзге де күш қолданудың, оның абыройы мен қадір – қасиетін түсіру, қорлау немесе билікті асыра пай-

В КАКИХ СЛУЧАЯХ МОГУТ ОТКАЗАТЬ В ОКАЗАНИИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ В ОБЛАСТИ КАРАНТИНА РАСТЕНИЙ

Основаниями для мотивированного отказа в выдаче фитосанитарного сертификата являются:

- непредъявление услугополучателем вывозимой подкарантинной продукции для досмотра;

- выявление карантинных объектов в подкарантинной продукции, за искл. случаев, когда требованиями страны-импортера (при экспорте) допускается наличие в подкарантинной продукции выявленных карантинных объектов;

- выявление несоответствия требованиям страны-импортера (при экспорте);

- неоднократное (2 и более раз) неуведомление о прибытии или непредъявление подкарантинной продукции для досмотра должностному лицу уполномоченного органа государства – члена ЕАЭС, является основанием для отказа в выдаче фитосанитарного сертификата в течение 30 календарных дней после получения информации от соответствующего уполномоченного государственного органа государства – члена ЕАЭС, за искл. случаев изменения места назначения;

- установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения фитосанитарного сертификата, и данных, содержащихся в них;

- несоответствие услугополучателя и представленных материалов, подкарантинной продукции, данных и сведений, необходимых для выдачи фитосанитарного сертификата;

- в отношении услугополучателя имеется вступившее в законную силу решение (приговор) суда о запрещении деятельности или отдельных видов деятельности, связанного с получением фитосанитарного сертификата.

Основаниями для мотивированного отказа в выдаче карантинного сертификата

являются:

- непредъявление услугополучателем подкарантинной продукции для досмотра;

- выявление карантинных объектов в подкарантинной продукции, за искл. зерна и продуктов его переработки, засоренных карантинными сорняками (за искл. карантинных сорняков рода Striga spp.), при условии направления на переработку услугополучателем получившим учетный номер, плодов и ягод с наличием вируса шарки (оспы) слив (PlumPoxPotyvirus), карантинных видов ложнощитовок и щитовок;

- неоднократное (2 раза и более) неуведомление о прибытии или непредъявление подкарантинной продукции государственному инспектору по карантину растений территориального подразделения (услугодателя) для досмотра является основанием для отказа в выдаче карантинного сертификата в течение тридцати календарных дней после получения информации от соответствующего территориального подразделения (услугодателя), за искл. случаев изменения места назначения;

- установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения карантинного сертификата, и данных (сведений), содержащихся в них;

- несоответствие услугополучателя и представленных материалов подкарантинной продукции, данных и сведений, необходимых для выдачи карантинного сертификата;

- в отношении услугополучателя имеется вступившее в законную силу решение (приговор) суда о запрещении деятельности или отдельных видов деятельности, связанного с получением карантинного сертификата.

З.Т. Кусаинова,
гос.инспектор по карантину растений
Приозерской ГТИ КГИ в АПК МСХ РК

туралы хабарлау, бөлім басшылығымен бірлесе алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру болып табылады.

О. Тлемисов,
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің офицер-анықтаушысы (криминалисті)



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 167 бұйрығымен «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілгенін хабарлайды.

Осы "Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат алу тәртібін айқындайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлға осы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша өтінішті келесі құжаттарды қоса беріп, «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы» мемлекеттік мекемесінің кеңсесіне немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы береді:

жеке басты куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін);

егер бұзу мердігерлік тәсілмен орындалса, мердігерлік жұмыстарға арналған шарттың көшірмесі ұсынылады;

егер жылжымайтын мүлік объектісінде бірнеше меншік иесі болған жағдайда, объектінің басқа меншік иелерінің кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге нотариалды куәландырылған жазбаша келісімін ұсыну қажет;

егер құрылыстарды бұзу жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу олардың мүдделерін қозғайтын болса, үй-жайлардың (үй бөлшектерінің) сабақтас меншік иелерінің нотариалды куәландырылған жазбаша келісімін ұсыну қажет;

ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп - қарауды жүзеге асыру құқығына тиісті аттестаты бар сарапшы берген сараптамалық қорытынды;

объект авариялық деп танылған жағдайда, жергілікті атқарушы орган құратын ведомстваралық комиссияның авариялық көп пәтерлі тұрғын үйлерді бұзу туралы тиісті қорытынды.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 5 (бес) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру.

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы» ММ

Уважаемые жители города Приозерск!

Напоминаем, что точкой бесплатного распространения местной газеты «Приозерский вестник» является магазин №1 «Золушка», расположенный на территории центрального городского рынка.
Контактный телефон: 8-777-103-8589

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» уведомляет жителей города о том, что Приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 30 марта 2020 года № 167 утвержден Правила оказания государственной услуги "Выдача решения на проведение комплекса работ по утилизации объектов (сноса строений)".

Настоящие Правила оказания государственной услуги "Выдача решения на проведение комплекса работ по утилизации объектов (сноса строений)" определяют порядок получения решения на проведение комплекса работ по утилизации объектов (сноса строений).

Для получения государственной услуги физические и юридические лица подают в канцелярию ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» или через веб-портал "электронного правительства", заявление по форме, с приложением следующих документов:

- документ, удостоверяющий личность (для идентификации личности услугополучателя);

- в случае сноса объекта подрядным способом предоставляется копия договора на подрядные работы;

- в случае если у объекта недвижимости нескольких собственников, то необходимо предоставить нотариально засвидетельствованное письменное согласие других собственников объекта на проведение комплекса работ по утилизации (сноса строений) и его параметры;

- в случае если проведение комплекса работ по сносу строений затрагивает интересы смежных собственников помещений (частей дома), то необходимо предоставить нотариально засвидетельствованное письменное согласие смежных собственников помещений (частей дома);

- экспертное заключение по техническому обследованию надежности и устойчивости зданий и сооружений выдаваемое экспертом;

- в случае признания многоквартирного жилого дома аварийным, соответствующее заключение о сносе межведомственной комиссии создаваемой местным исполнительным органом.

Срок оказания государственной услуги - 5 (пять) рабочих дней.

Результат оказания государственной услуги - Решение на проведение комплекса работ по утилизации объектов (сноса строений).

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»

Вниманию жителей Приозерска!

Утеряна кожаная черная барсетка с надписью "Карабеков Мырзахан Ергалиевич". В кошельке было удостоверение личности, водительское удостоверение, тех.паспорт, карта Каспий банка и деньги. Обращаться по телефону: 87756750702, 87774095851.
К нашедшим просьба - вернуть за вознаграждение!

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр ап-таның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно по понедельникам-четверг с 16.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела еженедельно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-48-77.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-48-77.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – еженедельно с 17.00 до 18.00 часов. ***

Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сейсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» управления образования Карагандинской области 5-32-92.

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нін сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - еженедельно, с 17.00 часов.

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107 **Справки по тел.:** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сағатбаева 15, Заказ № 17/713. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041